

№5дәріс. Экскурсиялық іс деректері, оның элементтерінің берілу актісі, каналдары.

Дәріс жоспары:

- 1.Экскурсия жүргізушінің нұсқаулары
- 2.Экскурсия кезіндегі көрсетілімнің түрлері
3. Көрсетілім мен көрнекілік құралдары арасындағы байланыс

Мақсаты: Деректерді таныстырғанда оның актісі мен негізгі бағыттарын айқындай алады.

Көрсетілім белгілі бір жәдігерлер жиынтығын немесе экскурсиялық нысанды таныстыру үдерісі және заттың мәнін ашуға бағытталған қызметтүрі болып табылады. Ол экскурсиялық істе музейде, архитектуралық нысандар жанында, табиғат аясында жүзеге асады. Көрсетілім көрме бойынша жүргізілген кезде көпшіліктің назарына жүздеген артефактілер ұсынылады. Олардың жанына шағын түсініктемелер (аты, табылған жері, хронологиялық мерзімі) жазылып қояды. Көрсеткіш солар арқылы алғашқы ақпаратты алады. Егер экскурсанттар тобына экскурсия жүргізуші шақырылса, онда ол берілген шағын түсініктемелерді толықтырып, кеңірек мағлұматтар беруі тиіс. Бұл үшін экскурсия жүргізуші картотекалармен, тиісті әдебиеттермен танысып алуы шарт. Нысанның көрсетілімі сол нысанның жанында жүзеге асар болса, онда экскурсия жүргізуші оның құрылысына, тарихына, жекелеген бөлшектеріне қатысты мол ақпараттар легін айтып өтуі тиіс. Және де жекелеген бөлшектерге (фасад, күмбез, есік, жақтау, дәліз, текпішек, жазулар мен ою-өрнектер, т.б.) тоқталып, олардың сол ансамбльдегі рөлі мен маңызын бөліп көрсетіп кеткені абзал. Нысанды көрсету – экскурсия жүргізуші мен экскурсанттар арасындағы мақсатты түрдегі қызметтер жүйесі болып табылады. Оны білікті маман жүргізуі тиіс. Себебі нысандарды талдау, экскурсанттардың дербес жұмысындағы белсенділікті арттыру білікті мамандардың қолынан ғана келетін дүние. Экскурсия жүргізуші заттарды (артефактілерді) көрсетіп қана қоймайды, олар туралы нақты тарихи мағлұматтарды бере алады.

Жалпы алғанда, экскурсиядағы көрсетілім негізгі үш бөлшектен тұрады. Бірінші кезекте экскурсант ұсынылған заттар кешенін өзі ғана байқап көреді, екінші кезекте жәдігерлермен «экскурсия жүргізуші портфелі» бойынша танысады, үшінші кезекте экскурсия жүргізушінің әңгіме-баянын тыңдап, ақпараттармен түгелдей танысып шығады.

Нысанды көрсетудің сюжетті және сюжетсіз көрсетілімдер секілді де түрлері бар. Мәселен, өнердегі сюжетті шығармалар, әдетте, тарихи және тұрмыстық жанрға жатады. Ал натюрморт, портрет секілді жанрда ешқандай сюжет болмайды. Дегенмен, олардан да кейбір ақпараттарды алуға болады. Мысалы, қазақтың біртуар азаматы, көрнекті мемлекет қайраткері, кемеңгер, ұлттың «нағыз әрі шынайы» көшбасшысы Д.А.Қонаев (1912–1993) портретінде оның қанша рет Социалистік Еңбек Ері атанғандығын көруге болады. Көркем-сурет өнеріндегі шығармалар сюжеті белгілі бір тарихи жайттарды, тарих сахнасындағы түйдек-түйдек оқиғаларды қамтуы ықтимал. Мәселен, «Ұлы

көш» сынды картинада (авторы – Б.Түлкиев) қазақ жеріндегі ілкі замандардан басталған оқиғалар желісі сол тарих беттеріне қатысқан біртуар тұлғалар суреттері арқылы өрбітілген. Ал оларды баяндау мен түсіндіру, көрерменнің эмоциясын ояту экскурсия жүргізуші шеберлігіне барып тіреледі.

Экскурсия кезіндегі кез келген сюжеттік көрсетілімнің өз қаһармандары болады. Оларға үздіксіз қозғалыс, тарих тұңғығынан тамыр тарту тән. Сюжеттік көрсетілім экскурсанттардың белсенділігін арттырды, олар ескерткішті есте сақтап қалады, оның мәнін, суретші берген идея мазмұнын түсінеді.

Көрсетілімнің экскурсия барысында өзіндік міндеттері бар екендігі де белгілі. Олар: экскурсанттар алдында тұрған экскурсиялық нысанды көрсету; орны бар да, өзі жоқ (қираған) нысанды (фотосуреті немесе сызбасы бойынша ғана сақталған) сипаттау; сол жерде орын алған тарихи оқиғаны ойда қалпына келтіріп, көрсету; тарихи тұлғаның (жазушы, суретші, қолбасшы) қызметін баяндау; нысанның бастапқы кездегі құрылысы (құрылымы, нобайы) қалай болғандығын түсіндіру.

Әрине, сапалы көрсетілім ұйымдастыру үшін белгілі бір дәрежеде жағдай жасалуы керек. Ал «көрсетілім жағдайы» түсінігіне: а) көрсетілім нүктесін дұрыс таңдау; ә) көрсетілімге қолайлы уақытты таңдау; б) ойы тақырыптан алыс жатқан экскурсанттың назарын аударуға мүмкіндіктің болуы; в) экскурсанттардың қозғалысын нысанды көрсетуде пайдалану мүмкіндігін қалыптастыру; г) экскурсия жүргізуші бойындағы экскурсия жүргізуге дағды; ғ) экскурсанттардың нысанды тамашалауға дайындығының болуы сияқты жайттар кіреді.

Архитектуралық нысандарды көрсетудің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, архитектуралық кешенді көрсеткен кезде оның фасадына тым жақындаудың керегі жоқ, себебі бұл кезде нысанның архитектуралық келбеті толық ашыла қоймайды. Ескерткішке ең алдымен, бір қырынан (бүйірінен) келіп, оның алдын қиғаштай кесіп орналасқан дұрыс. Сол кезде нысанның үш жағы (ұзындығы, биіктігі, енділігі) көрініп, оның архитектуралық ансамбльдері ашыла түседі. Сондай-ақ, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін көрсеткен кезде күн сәулелерінің түсуін ескерген жөн. Себебі фотоаппаратпен суретке түскен кезде кесененің сымбатты нобайы дұрыс нүкте таңдамаған жағдайда бұлыңғыр болып қалуы мүмкін. Ескерткішті тамашалаған кезде экскурсанттар алдымен нысанды айнала бір көріп шығып, содан кейін барып ішіне кіргені абзал.

Экскурсия жүргізуші: а) анықтау (ескерткішке (затқа) қатысты мәлімет беру); ә) мінездеме беру (нысанның қандай екендігіне, оның сипатына тоқталу); б) салынған мақсатын айту; в) экскурсиялық талдау жүргізу, салыстыру (нысанның жекелеген бөліктерін қарастыру); г) анықтама жасау (экскурсия жүргізуші ескерткіш авторын, ғимарат архитекторын атап кетеді); ғ) тарихи жағдайды бағалау (экскурсия жүргізуші нысанға, оның мән-мағынасына байланысты оқиғаларды өрбітіп кетеді) сияқты жайттарды (шамамен алғанда) көрсетілім кезінде естен шығармағаны дұрыс.

Көрсетілім бірнеше сатылардан тұрады. Олардың үлгісі:

| | | |
|----------------------|--|--|
| Бірінші саты | «Алдарыңызда тұрған...» деген сөздерден кейін экскурсанттар жалпылама түрде нысанға көз тастайды | Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі жанындағы «Қазақ қайығының» сыртқы келбеті игеріледі |
| Екінші саты | Ескерткішті экскурсанттар мұқият қарай бастайды | Нысанның әңгіме-баяннан кейінгі ерекшеліктері назарға түседі |
| Үшінші саты | Экскурсия жүргізуші талдауынан кейін нысанды қайта қарау | Нысанның жекелеген бөліктері мен бөлшектері назарға ілігеді |
| Төртінші саты | Экскурсанттардың нысандарды дербес көруі. Орны мен тұрған жері есте сақталынады. | Нысан мен оның орналасқан жері есте сақталынып қалады. |
| Бесінші саты | Көрген мен экскурсия жүргізушіден естігендер түю | Тақырып бойынша естіген дүниелер туралы қорытынды жасалады |
| Алтыншы саты | Экскурсанттардың нысанға соңғы рет қарауы | Экскурсанттар нысан туралы өз ойларының дұрыстығына сенеді |

Әрине, жоғарыда келтірілген көрсетілім сатылары барлық экскурсияларда біркелкі бола қоймайды. Оған көптеген факторлар (топтың ықыласы, экскурсия жүргізуші шеберлігі, т.б.) өзіндік әсерін тигізеді. Нысан туралы ақпаратты есте сақтап қалу үшін экскурсанттар оған бірнеше рет көз тастайды. Бұл іс неғұрлым көп болған сайын, нысанды есте сақтап қалу да соғұрлым жоғары болады. Сол себепті де экскурсия жүргізуші экскурсанттарды нысанды тамашалауға қолайлы жерге орналастыруы тиіс. Сонымен қатар нысанның көлемі, ауданы, ауқымы туралы ақпараттарды да айтып кеткені абзал.

Экскурсиядағы көрсетілім екі жақты үдеріс болып табылады. Бір жағында сезімдік тұрғыда қабылданатын нысандардың мәнін ашушы экскурсия жүргізушісі тұрса, екінші жағында нысанды тамашалаушы, зерттеуші экскурсант тұрады. Бұл жерде екі тарап та белсенділік танытуы керек. Әсіресе, экскурсия жүргізуші әңгіме-баянында баса назар аударылуы тиіс жайттарға тоқтап кетіп отырғаны абзал. Төменде бұған арнайы шағын ғана кесте келтірілген, ол бойынша экскурсия Д.А.Қонаев музей-үйінде жүргізіліп жатыр делік:

| Экскурсия жүргізушінің нұсқаулары | Экскурсанттың іс-әрекеті |
|--|--|
| Мына кабинетке қараңыз... | Экскурсант кабинетке жалпылама түрде шолу жасап өтеді |
| Қабырғаны жағалай тұрған интерьерге назар салыңыз... | Экскурсант қабырғаны жағалай орналасқан сөрелерді, т.б. шолып шығады |
| Кабинеттегі үйлесімділікке қараңыз... | Экскурсант кабинеттегі заттар өзара қалайша үйлесіп жатқандығын түсінуге талпынады |
| Кабинеттегі жұмыс үстеліне назар аударып кетіңіз... | Экскурсант жұмыс үстеліне қарайды да, оның көлеміне, түр-түсіне, орналасуына баса назар аударады |
| Бұл үстелде Д.А.Қонаев өмірінің соңғы | Экскурсант жұмыс үстелінде |

| | |
|--|---|
| жылдарында жұмыс істегенін елестетіп көріңізші... | отырған Д.А.Қонаевты елестетеді |
| Осы үстелде Д.А.Қонаев «Өттің дәурен осылай», «От Сталина до Горбачева» сынды естеліктерін жазған... | Экскурсант тұңғық ойға шомып, естеліктер жазып отырған Д.А.Қонаевты елестетеді, жұмыс істеп отырған тұғыры биік тұлғаның іс-әрекетін, жазып отырған сәтін ойда қалыптастырады |

Былайша айтқанда, экскурсия жүргізуші өз іс-әрекетінде экскурсанттарға кейбір бөлшектерді мұқият әрі нақты көруге, бірқатар жайттарға баса назар аударуға жәрдемдеседі. Оның айтқан нұсқаулары назардан кейбір жайттардың қағыс қалмауына, маңызы зор дүниелердің ескерілмей жатпауына себепкер болады. Мұндай нұсқаулықтар экскурсантқа тұлға жайлы келелі ой түюге, өзіндік пайымдау жасауға септігін тигізеді.

Экскурсия кезіндегі көрсетілім түрлері әр алуан. Мәселен, автобуста экскурсия жүргізуде көрсетілімнің төрт түрі тән: 1) автобус сағатына 50-60 км жылдамдықпен жүріп кележатқан кезде экскурсия жүргізуші түсініктеме беріп отырады. Нысандардың мұндай көрсетілімі табиғат аясына ұйымдастырылған экскурсиялар кезінде қолданылады; 2) баяу жүріспен келе жатқан автобус терезесінен тарих пен мәдениет ескерткіштерін тамашалау. Бұл кезде ескерткіштер туралы үстіртін болса да мәлімет алуға болады, әдетте, мұндай көрсетілім қосымша нысандармен танысу үшін ұйымдастырылады. 3) Тоқтаған автобус салонынан шықпай нысандарды тамашалау; мұнда көрсетілімнің әдістемелік тәсілдері аз қолданылуы ықтимал, алайда, ескерткіш туралы азды-кемді ақпарат алуға болады. 4) Автобустан түсіп, ескерткішті тамашалау. Жалпы алғанда, автобустық экскурсиялар мақсатты түрде еуропалық мегаполистерде кеңінен жолға қойылған. Автобустар бір бағытта жүреді, белгілі бір нысандар жанындағы аялдамаға тоқтайды, оларға бірнеше тілде ұнтаспаға жазылған әңгіме-баяндарды тыңдау мүмкіндіктері беріледі, яғни турист қажет тілдегі және өзі түсінетін тілде жазылған ақпараттарды үнқұлақша (наушник) арқылы тыңдайды. Автобустағы жекелеген туристер немесе туристер тобы өздері тамашалауды қалаған нысандар жанынан түсіп қалып жатады. Ол нысанды тамашалап болған соң, келесі нысанға қарай жол тартады. Өз кезегінде көрсетілім экскурсияның маңызды бөлшегі ретінде өзіндік ерекшеліктерге ие. Көрсетілімнің белсенділігі көбінесе, экскурсия жүргізушінің белсенділігіне де байланысты болып келеді, ал оның логикалық жалғастығы тақырыпты сатылай ашу мүмкіндіктеріне барып тіреледі. Сондай-ақ көрсетілімнің маңыздылығы сонда, ол болмаса экскурсия да өтпейді. Көрсетілім бірнеше сюжеттерден тұрады, әсіресе тақырыптық экскурсияларда сюжеттік линия көрсетілім мен әңгіме-баян бөлшектерін біріктіреді. Экскурсия кезінде көрсетілім әңгіме-баянға қарағанда ертерек басталады. Алдымен экскурсанттар нысанды бір рет тамашалап алып, сосын экскурсия жүргізушіні тыңдайды. Демек, көрермендер нысанды ең алдымен, көзбен көріп, оның сымбаты мен нобайын есте сақтайды, яғни нысанды қабылдау көру сезімі арқылы жүзеге асады. Нысанды экскурсия жүргізуші айтуымен көрген соң,

экскурсанттар сол кездегі оқиғаларды ойша елестетіп отырады. Мәселен, Ордабасы тауын тамашалауға келген туристер XVIII ғасырда осы жерге жиналған қазақ хандарын, батырлары мен билерін, өзге де игі-жақсыларын елестетіп, нысан маңында олардың жиналу мүмкіндіктерін, сөз сөйлеп тұрған тұлғаларды, осы жиыннан кейін шығысқа қарай жөнкіліп бара жатқан қазақ сарбаздарын ойда елестете алады.

Кез келген экскурсияның негізгі мақсаты алдын ала таңдалған нысанды көрсету және рухани тұрғыдан адамды байыту болып табылады. Ал мұның өзі экскурсия мәнін мәдени-ағартушылық жұмыс формасы ретінде айқындайды. Экскурсия сәтті өту үшін көрсетілім мазмұнды түрде ұйымдастырылуы қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Көрсетілім мәні не?
2. Көрсетілімнің негізгі бөліктерін жіктеңіз.
3. Нысанды көрсету дегеніміз не?
4. Көрсетілім сатыларын сипаттаңыз.
5. Экскурсия жүргізуші нұсқауларын талдаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Юренева Т.Ю. Музееведение. Учебник для высшей школы. – М. 2004.
2. Основы музееведение. Отв. ред. Э.А. Шулепова. – М., 2005.
3. Савина Н.В., Горбылева З.М. Экскурсоведение: Учебное пособие. – Минск, 2004
4. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. – М., 2002.
5. Дькова Р.А. Основы экскурсоведения. – М.: 1985. – 255 с.
6. Белугина Г.К. Экскурсоведение. – Иваново, 2005. – 21 с.